Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ИМАРАТТАР

ГИДРОТЕХНИЧЕСКИЕ СООРУЖЕНИЯ

ҚР ЕЖ 3.04-101-2013
СП РК 3.04-101-2013

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕГЕН:	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Астана Строй-Консалтинг» ЖШС
2. ҰСЫНҒАН:	Қазақстан Республикасының өңірлік даму министрлігінің құрылыс және тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері комитетінің техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3. ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ:	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

1. ПОДГОТОВЛЕН:	АО «КазНИИСА», ТОО «Астана Строй-Консалтинг»
2. ПРЕДСТАВЛЕН:	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно–коммунального хозяйства Министерства регионального развития Республики Казахстан
3. ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатыныз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ…….……... IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ..... 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 1
3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР..... 2
4 ҚОЛДАНУҒА ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫС ШЕШІМДЕРІ..... 2
4.1 Гидротехникалық имараттарды жобалауға арналған жалпы ережелер..... 2
4.2 Жүктемелер, әсер және олардың үйлесімі..... 4
4.3 Гидротехникалық құрылыстың қауіпсіздігі мен төзімділігінің негіздемесі.... 5
4.4 Есептік шығындар және су деңгейі..... 8
4.5 Өзен ағынын реттеу..... 11
4.6 Гидротехникалық имараттардың қайта жаңғыртылуын жобалау……. 13
4.7 Сейсмикалық аудандардағы гидротехникалық имарттарды жобалау…….. 14
5 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ 14
А ҚОСЫМША *(ақпаратты)* Гидротехникалық имараттар мен мониторинг жүйесінің негізгі техникалық және бағдарламалық құралданың құрамы..... 15
Б ҚОСЫМША *(ақпаратты)*Гидротехникалық имараттарға әсер мен жүктемелер тізімі..... 17
В ҚОСЫМША *(міндетті)* Бірінші топтың шекті күйін есептеу кезінде γ_f жүктемесі бойынша сенімділік коэффициентінің мәні..... 19
Г ҚОСЫМША *(міндетті)* Су жолдары мен кеме өткізу құрылыстарының габариттері мен судың есептік кеме жүру деңгейлері..... 21
Д ҚОСЫМША *(міндетті)* Гидротехникалық имараттардың сыныптары……..... 23

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағы құрылыста қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес әзірленген, Қазақстан Республикасының аумағындағы әр түрлі мақсаттағы гидротехникалық имараттарды жобалауға арналған.

Осы ережелер жинағы устанавливает приемлемые решения и параметры к требованиям рабочих характеристик ҚР ҚН 3.04-01-2013 «Гидротехникалық имараттар» жұмыс сипаттамаларының талаптарына қойылатын қолайлы шешімдер мен параметрлерді белгілейді және оларды орындаудың жалғыз тәсілі болып табылмайды.

Осы нормативтің басты бағыты – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру кезінде тіршілік ету және өмір сүрудің қолайлы және экоогиялық қауіпсіз ортасын құруда азаматтар мен қоғамныңзаңмен қорғалатын қажеттіліктерін амтамасыз ету, құрылыстың сенімділігі мен қауіпсіздігін, салынған объектілерді пайдалану кезінде орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ИМАРАТТАР

ГИДРОТЕХНИЧЕСКИЕ СООРУЖЕНИЯ

Енгізілу күні 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ережелер жинағы түрлі мақсаттағы гидротехникалық құрылыстардың жобалануының ұсыныстарын келтіреді.

1.2 Бұл Ережелер жинағы жаңа жобаланатын, салынып жатқан, қолданыстағы, қайта құрылымданған және жойылуға жататын өзен және теңіз гидротехникалық құрылыстарының барлық түрлері мен кластарына, сонымен бірге су жинау алаңдарының жер беті суларының ағынын пайдалану негізінде Қазақстан Республикасының халық шаруашылығында жасалатын гидротехникалық құрылыстарында таратылады. (Лиманды суландыру, тоғандар, жасанды су қоймалары мен су қоймалары).

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл Ережелер жинағы, қолдану үшін төмендегі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 16 шілдесіндегі №242II(03.07.2013 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтыруларымен бірге) «Қазақстан Республикасындағы сәулетшілік, қала салу және құрылыс жұмыстары туралы».

Қазақстан Республикасының Су кодексі (04.07.2013 ж. жағдай бойынша өзгерістері және толықтырылуларымен).

ҚР ҚН 3.04-01-2013 Гидротехникалық ғимараттар.

ҚНжЕ 2.06.03-85 Мелиоративті жүйелер және ғимараттар.

ҚНжЕ ҚР 3.04-02-2008 Топырақты материалдардан жасалған тоғамдар.

ҚН 522-79 Тау жұмыстарының қосымша жұмыстар аумақтарындағы гидротехникалық ғимараттар қанаушылығы, құрылыс, жобалау бойынша нұсқау.

ҚН 551-82 Жасанды су қоймалар үшін полиэтиленді қабыршағынан жасалған фильтрациялық құрылымдарға қарсы құрылыс және жобалау нұсқасы.

ҚНжЕ ҚР 3.02-05-2010 Ғимараттың және ғимараттың мониторингінің автоматтандыру жүйесі.

ҚНжЕ ҚР 3.04-40-2006 Гидротехникалық ғимараттарға жүктер және әсерлер.

ҚНжЕ ҚР 2.03-30-2006 Сейсмикалық аудандардағы құрылыс.

ҚНжЕ 2.01.07-85* Жүктер және әсерлер.

ҚНжЕ 2.06.07-87 Тіректі қабырғалар, кеме жүретін шлюзалар, балық өтетін және балық қорғайтын ғимараттар.

ҚНжЕ 2.05.03-84* Көпірлер және құбырлар.

ХЕЖ Негізгі есептік гидрологиялық сипаттаманың анықтауы.

МЕСТ 26775 Ішкі су жолдарында көпір астынан кеме жүретін көпірлер габариті.

ЕСКЕРТПЕ Осы құрылыс нормаларын қолдану кезінде кезінде ағымдағы жылға қарағанда жыл сайын жасалатын «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативті құқықтық және нормативті-техникалық актілер тізімі», «Мемлекет аралық нормативті құжаттар нұсқаулығы» және «Қазақстан Республикасы стандарттау бойынша нормативті құжаттарының нұсқаулығы» бойынша сілтемелік құжаттарының қолданысын тексеру мақсатқа лайық болады. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат өзгертілмей ауыстырылса, онда осы сілтемеге қатысты емес бөлімге қатысты ереже қолданылады».

3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында ҚР ҚН 3.04-01 келтірілген терминдер мен анықтамалар қолданылған, сондай-ақ мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар келтірілген:

3.1 **Гидротехникалық құрылыстың мониторингінің автоматтандырылған жүйесі:** Гидротехникалық құрылыстар құрылымдарының, құрылыс тораптарының салынған, қолданыстағы немесе салу сатысындағы техникалық жағдайын жүйелі бақылауды жүзеге асыруға арналған, бағдарламалық-техникалық құралдар негізінде құрылған жүйе.

3.2 **Гидроторап:** Орналасуы және бірлескен қызметі бойынша біріктірілген, гидротехникалық құрылыстар кешені.

3.3 **Күрделі табиғи жағдайлар:** Гидротехникалық құрылысты немесе ғимаратты пайдалану кезінде құрылыс аймағында табиғи-техногендік үрдістер мен құбылыстар қаупінің туындауы(дамуы) және(немесе) құрамы мен топырақтар жағдайының ерекшеліктерінің болуы.

3.4 **Ағудың арналық реттелуі:** Өзендегі судың деңгейі көтерілуінің және деңгейі түскен кезде жиналған қорлардың келесі істен шығуының нәтижесінде табиғи жағдайлардағы өзеннің ағуын реттеу.

4 ҚОЛДАНУҒА ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫС ШЕШІМДЕРІ

4.1 Гидротехникалық имараттарды жобалауға арналған жалпы ережелер

4.1.1 Гидротехникалық құрылыстарды Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала салу және құрылыс жұмыстары туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес жасалған, аймақтың жоспарлау сызбалары мен су ресурстарын кешенді пайдалану талаптарын басшылыққа алып жобалау керек.

4.1.2 ҚР ҚН 3.04-01 сәйкесгидротехникалық имараттар тұрақты және уақыи\тша болып бөлінеді.

4.1.3 Уақытшасына тек құрылыс кезеңінде және тұрақты құрылыстарды жөндеу кезінде пайдаланылатын құрылыстар жатады.

4.1.4 ҚР ҚН 3.04-01 сәйкес, тұрақтыгидротехникалық имараттар негізгі және екінші дәрежелі болып бөлінеді.

4.1.5 Негізгі гидротехникалық имараттарға жатқызылады:

- бөгеттер;
- арынды фронттың құрамына кіретін тірек қабырғалары мен тіреулері;
- құлату дамбалары;
- жағалауды бекітетін (порттан тыс), реттейтін және қоршау құрылыстары;
- су лақтырындысы, су жібергіш және суды шығарғыш;
- суды қабылдау және суды жинау құрылыстары;
- кешенді мақсаттағы деривациялық, кеме жүрісті, су шаруашылық және мелиоративті жүйелер арналары және оларға құрылыстар (мысалы, акведуктар, дюкерлер, көпір-арналар, құбыр-сел жібергіш және т.б.);
- туннельдер;
- құбырлар;
- арынды бассейндер және теңестіру резервуарлары;
- гидравликалық және гидроаккумуляциялайтын электростанциялар ғимараттары мен сорғы станциялары;
- тұндырғылар;
- кеме құрылыстары (шлюздер, кеме көтергіштер мен кеме жолының бөгеттері);
- арынды фронт құрамына кіретін балық жіберетін құрылыстар;
- екінші кезектегіге жатқызылғаннан басқа, салды өткізгіш, кеме құрылысты мен кеме жөндеу кәсіпорындары (жағалау, пирстер) порттарының гидротехникалық имараттары;
- ЖЭС және АЭС гидротехникалық имараттары;
- елді мекендер мен кәсіпорындарды инженерлік қорғау кешендерінің құрамына кіретін гидротехникалық имараттар;
- ауыл шаруашылығын инженерлік қорғау, санитарлы-қорғау мақсатындағы аумақтар, коммуналды-қойма кәсіпорындары, мәдениет пен табиғат ескерткіштерінің гидротехникалық имараттары;
-теңіз мұнай өнеркәсібінің гидротехникалық имараттары;
- навигациялық жабдықтар құралдарының гидротехникалық имараттары;
- ауылшаруашылық және өнеркәсіптік ұйымдарының сұйық қалдықтарының қоймалары мен күл қож үйінділерін қоршайтын құрылыстар (дамбалар).

4.1.6 Екінші кезектегі гидротехникалық имараттарға жатқызылады:

- мұз қорғау құрылыстары;
- бөлу қабырғалары;
- жеке тұрған қызметтік-көмекші айлақтар;
- арынды фронттың құрамына кірмейтін тірек қабырғалар мен тіреулер;
- порттардың жағалауды бекітетін құрылыстар;
- балық қорғау құрыылстары;
- ағаш құрылыстары (бөрене түсіргіш, сал жүргі) мен гидротехникалық құрылыс құрамында аталмаған басқалары.

ЕСКЕРТПЕ Мәнділігінің тиісті инженерлік негіздемесі кезінде және қандай да бір гидротехникалық құрылыстың бұзылуы кезінде төмен ықтималдылығы бар тасқын сулар немесе нөсер шығындарының өтуімен тудырылған, мүмкін болатын материалды залалға байланысты қосалқы құрылыстар негізгі құрылыстарға жатқызылуы керек.

4.1.7 Негізгі гидротехникалық имараттар сыныбын ҚР ҚН 3.04-01 талаптарына сәйкес қабылдаған жөн.

Гидротехникалық имарат сыныбын Д міндетті қосымшасына сәйкес тағайындау қажет.

Гидротехникалық имарат жобасының тапсырыс берушісі өз шешімімен имарат сыныбын Д қосымшаасында көрсетілген сыныппен салыстыру арқылы көтеруге құқылы.

Негізгі гидротехникалық имараттар сыныбын Д қосымшасының Д1, Д2, Д3, Д4 кестелері бойынша анықталған оның неғұрлым жоғары мәніне тең етіп қабылдаған жөн.

4.1.8 Гидротехникалық имараттарды жобалау кезінде ХЕЖ, ҚН 522-79 және КН 551-82, ҚР ҚН 3.04-01 талаптарын ескеру қажет.

4.1.9 Жобалау құжаттамасының құрамында заттай бақылаулар бойынша имарттар жай-күйі мониторингінің құрылымдық сұлбасы мен техникалық шешімдері, олардың табиғи және техногендік ықпалдары ҚР ҚНжЕ 3.02-05 бойынша әзірленуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ 1 I және II сыныпты имараттар үшін автоматтандырылған мониторинг жүйесін қолдану мүмкіндігін қарастыру қажет.

ЕСКЕРТПЕ 2 Имарттардың жай-күйі мониторингінің құрылымдық сұлбасы мен техникалық шешімдерін –осы ережелер жинағының А қосымшасынан қар.

4.2 Жүктемелер, әсер және олардың үйлесімі

4.2.1 Гидротехникалық имараттарға жүктемелер мен әсерлерді тұрақты, уақытша (ұзақ және қысқа мерзімді) және ерекшеге бөледі.

Гидротехникалық имараттардың жеке түрлерін есептеу кезінде есепке алуға жатқызылатын жүктемелер мен әсерлер және олардың үйлесімінің тізімін тиісті нормативті құжаттар бойынша қабылдау керек.

ЕСКЕРТПЕ Гидротехникалық имараттарға жүктемелер мен әсерлердің тізіиі ұсынылып отырған Б қосымшасында келтірілген.

4.2.2 Гидротехникалық құрылысты жүктемелер мен әсерлердің негізгі және ерекше түрлерін ескеру керек.

Негізгі үйлесімдер тұрақты, уақытша ұзақ және қысқы мерзімдік жүктемелер мен әсерлерді қосады.

Негізгі үйлесімдері ерекше әсерлер мен жүктемелерден біреуін қысқы уақытты, ұзақ уақытты және тұрақтыны қосады.

Жүктемелер мен әсерді анағұрлым қолайсыздықта қабылдау қажет, бірақ есептік жөндеу жағдайлары мен құрылыс және пайдалану кезеңдері үшін жеке үйлесімдердегі есептік жағдайда қарастыру үшін нақты жағдайда қабылдау керек.

4.2.3 Сүзілетін судың күштік әсері мен негіздемелер мен құрылыстарға су қысымынан жүктемелердің өзен гидротораптарын жобалау кезінде (Б қосымшасын қараңыз) су шығынының есептік екі жағдайы кезінде анықталуы керек.

Негізгі есептік жағдайдың су шығынын жіберуге сәйкес келетін көрсетілген жүктемелерді, әдетте жоғарғы бьефтегі судың қалыпты тірек деңгейі кезінде (ҚТД) анықтайды. Оларды әсер мен жүктемелердің негізгі үйлесімі құрамында ескеру керек.

Негізгі есептік жағдайдын шығынын жіберу гидротораптар үшін ҚТД асатын жоғарғы бьеф деңгейлері кезінде жүзеге асырылған кезде, оларға сәйкес келетін жүктемелер мен әсерді жүктеме мен әсер үйлесімінің құрамында ескерген дұрыс.

Құрылыстар мен негіздемелерге судың қысымынан жүктемелер және есептік тексері жағдайының су шығынын жіберуге сәйкес келетін сүзілетін судың күштік әсері әсер мен жүктеменің ерекше үйлесімі құрамында ескерілуі керек және жоғарғы бьефте жеделдетілген тірек деңгейі (ЖТД) кезінде анықталуы тиіс.

Жобалау құжаттамада және декларацияда өзен гидротораптардың жобаланатын гидротехникалық имараттары қауіпсіздігінің декларациясында тексерудің есептік және негізгі жағдайларының максималды су шығынын жіберу кезінде мүмкін болатын зақымдар туралы мәліметтер келтірілді.

Құрылыс кезеңінде қар астындағы су және бөгелістің пайда болуы салдарынан есептікке қарсы су деңгейінің көтерілуін ескеру керек.

4.2.4 Су тасқындарымен күресуге, есептіктен асатын тиісті деңгейлерге әсер мен жүктемеге арналған құрылыстар үшін, ерекше жүктеме мен әсердің үйлесімі құрамын ескеру қажет.

4.3 Гидротехникалық құрылыстың қауіпсіздігі мен төзімділігінің негіздемесі

4.3.1 Гидротехникалық құрылысты жобалау кезінде оларды пайдалануға қажетті талаптар мен құрылыстардың төзімділігін, сондай-ақ қалқыма заттар, қабыршақ мұз, сел, қоқыстың қолайсыз әсерлерін азайту үшін шарттарды қарастыру және қамтамасыз ету керек;

Гидротехникалық құрылыстың қауіпсіздігі мен төзімділігін негіздеу үшін гидравликалық, сүзгі және температуралық, сондай-ақ бастысы, негіздеме тектері мен материалдардың нақты қасиеттері есебімен тұтастай ортасының механикасы көптеген әдістерінің, қазіргі заманың түрлерін қолдану негізінде "құрылыс-негіздеме"» жүйесінің кернеулі-деформацияланған күйінің есептері орындалуы керек.

4.3.2 «Құрылыс-негіздеме» жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету олардың төзімділігі (оның ішінде сүзгі), тұрақтылығы, деформация мен ығысуы шекті күйлерінің әдістері бойынша есептердің нәтижелерімен негізделуі керек.

Есептерді шекті күйлердің екі тобы бойынша жүзеге асыру қажет:

- бірінші топ бойынша (тасушы қабілеттіліктің шығыны және / немесе құрылыстар, олардың құрылымы мен пайдалануға негіздемелердің толық жарамсыздығы) – құрылысты пайдалануды тоқтатуға әкелетін бұзушылық, құрылыстың жеке элементтің тұрақтылығы, топырақты құрылыс пен негіздемелердің жалпы төзімділігінің есептері; жалпы құрылыс төзімділігі немесе тұрақтылығы тәуелді болатын құрылымды ауыстыру есептеу;

- екінші топ бойынша (қалыпты пайдалануға жарамсыздығы) – жергілікті, оның ішінде құрылыс жіктері мен жарықтарын ашу немесе пайда болуы, деформациясы мен ауыстырылуы, құрылыстар мен негіздемелер төзімділігі, сүзгілік есептер; бірінші топтың шекті күйі бойынша есептерге жатқызылмайтын құрылыстардың жеке элементтері төзімділігінің есептері.

4.3.3 Гидротехникалық имараттар, олардың құрылымы мен негіздемелерінің есебі кезінде шекті күйлердің болуын болдырмайтын келесі шартты сақтау керек :

$$\gamma_{ic}F \leq \frac{R}{\gamma_n} \qquad (1)$$

мұндағы γ_{ic} – келесідей қабылданатын жүктемелердің үйлесім коэффициенті;

шекті жағдайлардың бірінші тобы бойынша есептеу кезінде:

а) қалыпты пайдалану кезеңіндегі жүктемелер мен ықпалдардың негізгі үйлесімі үшін - 1,00;

б) бұл да, құрылыс және жөндеу кезеңі үшін - 0,95;

в) жүктемелер мен ықпалдардың ерекше үйлесімі үшін:

г) ерекше жүктеме кезінде, соның ішінде жобалық жер сілкінісі деңгейіндегі сейсмикалық жылдық ықтималдығы 0,01 және 0,95 кем;

д) ерекше жүктеме кезінде, сеймикалықтан тысқары, жылдық ықтималдығы 0,001 және 0,9кем;

е) максималдық есептік жер сілкінісі деңгейінің сейсмикалық жүктемесі кезінде - 0,85;

ж) шекті жағдайлардың екінші тобы бойынша есептеу кезінде - 1,00.

ЕСКЕРТПЕ Қалыпты пайдалану кезеңінде жүктеме мен әсердің негізгі үйлесіміне, әдетте, 0,01 астам жылдық ықтималдылығы бар уақытша қысқаша жүктемелерді қосады.

F - γ_f жүктемесі бойынша (6.3.5 қараңыз) сенімділік коэффициенті есебімен белгіленген шекті күйдің бағасы жүзеге асырылатын параметрлер немесе деформация қорытылған күш әсерінің (күш, сәт, кернеу) есептік мәні;

R - γ_c жұмыс шарттары (6.3.5 қараңыз) және γ_g топырақтары немесе γm материалы бойынша сенімділік коэффициенттерінің есебімен белгіленген гидротехникалық имараттардың жеке түрлерін жобалау нормаларымен орнатылған параметрлері (есептік мән- шекті күйлердің бірінші тобы бойынша есептер кезінде; нормативті мән – шекті күйлердің екінші тобы бойынша есептер кезінде) немесе деформациясы, тасушы қабілеттілігінің есептік мәні;

γ_n – құрылыс жауапкершілігі бойынша сенімділік коэффициент, мына жағдайда қабылданады:

Бірінші топтың шекті күйі бойынша есептер кезінде:

Құрылыс классы үшін:

I - 1,25;

II - 1,20;

III - 1,15;

IV - 1,10;

Екінші топтың шекті күйі бойынша есептер кезінде - 1,00.

Табиғи еңістер тұрақтылығын есептеу кезінде γ_n мәнін қабылдау керек:

- еңіс бұзылған жағдайда күйін пайдалану үшін жарамсыздыққа әкелетін құрылыстар үшін ;

- қалған жағдайларда - 1,00.

4.3.4 Жүктеменің есептік мәнін γ_f жүктемесі бойынша төзімділіктің тиісті коэффициентіне жүктеменің нормативті мәнін көбейту арқылы анықтайды.

Жүктемелердің нормативті мәндерін гидротехникалық имараттар, олардың құрылымдары мен негіздемелерінің жеке түрлерін жобалауға нормативті құжаттар бойынша анықтау керек.

Бірінші топтың шекті күйлері бойынша есептеу кезінде γ_f жүктеме бойынша сенімділік коэффициенттерінің мәндерін міндетті Д Қосымшасына сәйкес қабылдау керек.

4.3.5 Топырақ ерекшеліктері мен материалдарының есептік кедергілерін анықтау қабылданатын γ_g топырағы мен γ_m материалы бойынша сенімділік коэффициентінің мәндері, негіздемелері мен құрылымдары, гидротехникалық имараттардың жеке түрлерін жобалауға нормаларымен орнатылады.

Шекті күйдің түрі, есептік сызбаларына жақындығы, материал түрі, негіздеме немесе құрылым, құрылыс түрін ескеретін γ_c жұмыс шарттары коэффициентінің мәндері және басқа факторлары олардың негіздемесі мен құрылымдары, гидротехникалық имараттарының жеке түрлерін жобалауға нормативті құжаттармен орнатылады.

$\gamma_m, \gamma_g, \gamma_c$ коэффициенттері (1) Формуласы алымындағы R есептік мәнге көбейткіш ретінде қабылданады.

4.3.6 Екінші топтың шекті күйі бойынша негіздемелер мен құрылымдардың гидротехникалық имараттарының есептерін γ_f жүктемесі бойынша сенімділік коэффициентімен, сондай-ақ 1,0 тең келетін γ_g топырақ және γ_m материал бойынша сенімділік коэффициенттерімен жүзеге асыру керек, құрылымдар мен негіздемелер, гидротехникалық имараттардың жеке түрлерін жобалауға нормативті құжаттар орнатылған жағдайларды есептемегенде.

4.3.7 Гидротехникалық имараттар, олардың құрылымдары мен негіздемелер, әдетте құрылыстар мен пайдаланудың барлық сатыларында шекті күйлеріне жол бермеу жағдайы сақталатындай жобалануы керек, оның ішінде қызметінің белгіленген мерзімінің аяғында.

Негізгі гидротехникалық имараттардың олардың класстарына байланысты қызметтің белгіленген мерзімдері мыналарға тең қабылданатын қызметтің есептік мерзімдерінен кем болмауы тиіс:

- I және II классты құрылыс үшін - 100 жыл;

- III және II классты құрылыс үшін- 50 жыл.

Тиісті техникалық-экономикалық негіздеме кезінде бұзылуы гидроторап арынды фронтының сақталуына ықпал етпейтін жеке құрылымдар мен құрылыс элементтерінің қызметінің белгіленген мерзімін азайтуға болады. Сонымен бірге құрылыс элементтері мен зақымдалған құрылымды жөндеу және бұзылғандарды қалпына келтіруді қамтамасыз ететін, техникалық шешімдер қарастырылуы керек.

4.3.8 Құрылымдар мен құрылыстар есептерін, әдетте құрылыстарды жүктеу мен салу кезеңділігі, уақытқа топырақ негіздемесі мен құрылыс материалдарының физикалық-

механикалық ерекшеліктерді өзгерту, материалдардың біртексіздігі мен жарығының ықпалы, желілік емес және тығыз емес деформациялар есебімен жүзеге асыру керек.

4.3.9 Гидротехникалық құрылыс қауіпсіздігі мен сенімділікті бағалау 5.3.1-5.3.8 тармақтарында баяндалған шекті күйлердің әдісін қолдана отырып жүзеге асырылады.

4.3.10 I және II сыныпты гидротехникалық имараттардың сенімділігі мен қауіпсіздігін анықтайтын негізгі техникаық шешімдер, есептеулер мен қатар нәтижелеі жобалау құжаттамасының құрамына әкелетін ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, соның ішінде эксперименталдық жұмыстармен негізделуі тиіс.

1 кесте -Арынды гидротехникалық имараттардағы апаттар тәуекелдігі деңгейінің рұқсат етілген мәндері

Имарат сыныбы	Апат тәуекелдігінің деңгейі, 1/жыл
I	$5\cdot10^{-5}$
II	$5\cdot10^{-4}$
III	$2{,}5\cdot10^{-3}$
IV	$5\cdot10^{-2}$

4.4 Есептік шығындар және су деңгейі

4.4.1 Тұрақты өзенді гидротехникалық құрылыстың суының есептік максималды шығынын жобалау кезінде негізгі және тексеру сияқты екі есептік жағдайлары үшін құрылыс класына байланысты орнатылатын жыл сайынғы арту ықтималдылығына негізделе отырып қабылдау керек. Сонымен бірге есептік гидрологиялық ерекшеліктерді 2 Кесте бойынша анықтау қажет (судың есептік максималды шығынының арту ықтималдылығы , %,).

ЕСКЕРТПЕ Өзен гидротехникалық құрылысты жобалау кезінде, әсіресе белсенді циклонды қызмет аудандарында орналасқан, тексеру есептік жағдайының шығыны ретінде мүмкін болатын максималды тасқын әдістемесі бойынша қабылданатын шығынды қабылдау керек.

2 кесте - Есептік судың максималды шығынының артуының жыл сайынғы ықтималдлығы, %

Есептік жағдайлар	Құрылыс класы			
	I	II	III	IV
Негізгі	0,1	1,0	3,0	5,0
Тексеру	0,01*	0,1	0,5	1,0
* 1 Кестеге сәйкес кепілдік түзету есебімен				

4.4.2 Тұрақты суды өткізу гидроторап құрылыстары арқылы пайдалану процесінде өткізуге жатқызылатын судың есептік шығынын, тұрақты суды өткізгіш гидроторап құрылыстары арқылы анықтау керек, өзен бассейнінде шаруашылық қызметпен және

табиғи себептермен тудырылған, ағынның қалыптасу шарттарының өзгеруі және қолданыстағы су қоймалары немесе берілген гидротехникалық құрылыстар үшін жасалатын трансформациясы есебімен, сәйкес алынған есептік максималды шығынға негізделе отырып анықтау керек.

4.4.3 Негізгі есептік жағдай үшін есептік су шығынын өткізу әдетте, толықтай ашылған кезде гидротораптың пайдалану су өткізу құрылыстары арқылы НПУ кезінде қамтамасыз етілуі керек.

Су лақтырынды бөгеттерде алтыдан астам қақпақ болған кезде бір қақпақты ашудың мүмкін болатын ықтималдылық еместігін ескеру керек және тасқынның есебінен бір шығысты алып тастау керек.

Тасқынды шығынның өткізілуінде гидроагрегаттардың өткізу қабілетін есепке алу ГЭС нақты арыны, ГЭС апатты жағдайлардың ықтималдылығы, энергиялық жүйедегі оның жұмысындағы шарттары, гидроэлектростанциялар агрегаттарының санына байланысты әр нақты гидроторапты жобалау кезінде негізделуі керек.

(-1) гидроагрегаттардың алтыға дейін қосқандағы саны кезінде;

(-2) гидроагрегаттардың жетіден он екіге дейін қосқандағы саны кезінде;

(-3) гидроагрегаттардың он үштен он сегізге дейін қосқандағы саны кезінде;

(-4) гидроагрегаттардың саны он сегізден астам болған кезінде.

Орташа және төмен арынды гидротораптар үшін агрегаттарға арынның әзірлеуші-зауыт деректері бойынша немесе турбиналар ерекшеліктері бойынша рұқсат етілгеннен төмендеуі кезінде турбиналардың өткізгіштік қабілетін судың максималды шығындарын өткізу есебінде ескермейді.

4.4.4 Барлық суды өткізу құрылыстарымен анағұрлым жоғары техникалық және экономикалық негізделген жеделдетілген тіректі деңгейде (ЖТД) жүзеге асырылуы тиіс есептік тексеру су шығынын өткізу, оның ішінде пайдалану су лақтырындылары, ГЭС турбиналары, сумен жабдықтау және суару жүйелерінің су жинау құрылыстары, кеме шлюздері, балық өткізу құрылғылары мен резервті су жинау. Сонымен бірге, тасқынның ең биік нүктесіне өтудің қысқа мерзімділігін ескере отырып, рұқсат беріледі:

- ГЭС электроэнергиясын шығаруын азайту;
- суды тұтынғыш – объектілерде апатты жағдайларды жасауға әкелетін, су жинау құрылғыларының қалыпты жұмысының бұзылуы;
- негізгі құрылыстардың сенімділігін төмендетпейтін, резервтік су лақтырындының бұзылуы;
- су бұруды бұзуға әкелмейтін, ауыспалы режимдерде тұйық көлденең қиылыс су бұрулар арқылы суды жіберу;
- жырынды салдары су тасқынын өткізгеннен кейін жойылуы жағдайларында кәсіпорын аумақтары мен селитебті аумақтар, негізгі құрылысты бұзуға қауіп келтірмейтін, гидротораптың төменгі бьефіндегі жағалау баурайлары мен арнаның жырылуы.

Негізгі есептік жағдайды өткізу жағдайында сияқты, жүзеге асырылған тексеру есептік жағдайында шығынды жіберуде ГЭС гидроагрегаттарының өткізгіштік қабілетін есепке алу.

4.4.5 Бар гидротораптың негізгі гидротехникалық құрылыстардың классы жасалатын жоғары орналасқан гидротораптың классынан немесе пайдаланылуы бар гидротораппен байланысуы тиіс болатын басқа салынып жатқан су шаруашылық объектісінің классынан төмен болған жағдайда, бар гидротораптың өткізу қабілеті есептік лақтырынды су шығындары және жасалатын құрылыстар классына сәйкес келтірілуі керек.

Каскадта орналасқан гидротораптар құрылысының класына қарамай, негізгі есептік жағдайдың су шығынын өткізу төменде орналасқан гидротораптардың негізгі гидротехникалық құрылыстардың қалыпты пайдалануын бұзуға әкелмеуі керек.

Кестеде келтірілген гидротораптарды каскадты орналастыру кезінде судың есептік шығындарын белгілеудің негізгі принциптері 3 Кестеде келтірілген.

3 кесте - Каскадтағы жобаланатын гидро тораптар үшін судың максималды есептік шығынын тағайындау

Каскадтағы жобаланатын гидротораптың орналасуы	Жобаланатын гидротораптың классы бас гидроторап классынан жоғары	Жобаланатын гидротораптың классы бар гидроторап классынан төмен
Жобаланатын гидроторап бардан жоғары орналасқан	Негізгі және тексеру жағдайларының шығындары жобаланатын гидроторап класына сәйкес қабылданады	Негізгі және тексеру жағдайларының шығындары негізгі есептік жағдай шығыны сомасына тең қабылданады Жобаланатын гидроторап класына сәйкес негізгі және тексеру жағдайлары үшін гидротораптар арасындағы бүйірлі ағын шығыны мен бар гидроторап
Жобаланатын гидроторап бардан жоғары орналасқан	Негізгі және тексеру жағдайларының шығындары жобаланатын гидроторап классына сәйкес қабылданады. Негізгі және тексеру жағдайларының шығындары жобаланатын гидроторап класына сәйкес қабылданады	Бар гидротораптың өткізгіштік қабілеттілігі бар гидротораптың класына жауап беретін негізгі және тексеру жағдайлары үшін гидротораптар арасындағы учаскеде бүйірлік ағын шығындары мен жобалана-тын гидротораптың есептік негізгі жағдайының шығындар сомасына сәйкес келтірілген

ЕСКЕРТПЕ 1 Бір каскадтың сатысы болып табылатын гидроторапты бірмезгілде жобалау кезінде, бар деп пайдалануға енгізу ертерек көзделіп отырған гидроторапты түсіну керек.

ЕСКЕРТПЕ 2 Үш және одан астам гидротораптан тұратын каскадтар үшін, кестеде сипатталған процедура өзен ағынымен төмен қарай гидротораптың әр жұбы үшін жүйелі түрде орындалуы керек.

4.4.6 Тұрақты гидротехникалық құрылыстар үшін олардың уақытша пайдаланылуы кезінде құрылыс барысында судың есептік максималды шығынының жыл сайынғы арту

ықтималдылығын іске қосу кешені құрылысының класына байланысты 2 Кесте бойынша қабылдау керек.

Гидротехникалық құрылыстың уақытша пайдаланудың шектеулі ұзақтығын ескере отырып, іске қосу кешені үшін қабылданған есептік максималды су шығынын тиісті негіздеу кезінде төмендетуге болады, сонымен бірге осы кезең үшін судың максималды шығынының арту ықтималдылығын 4 кестеге сәйкес қабылдау керек.

4 кесте - Тұрақты құрылыстарды уақытша пайдалану кезеңі үшін судың максималды шығынының арту ықтималдылығы

Тұрақты құрылысты уақытша пайдалану кезеңінің есептік ұзақтығы, (Т) жыл	Құрылыс классы			
	I	II	III	IV
	Арту ықтималдылығы, %			
1	1	3	5	7
2	0,5	3	5	7
5	0,2	2	5	7
10	0,1	1	3	5

4.4.7 Уақытша гидротехникалық есептік максималды су шығындарын жобалау кезінде негізгі есептік жағдай үшін құрылысты пайдалану мерзімі мен класына байланысты орнатылатын артудың жылдық ықтималдылығына негізделе отырып қабылдау керек.

Сонымен бірге уақытша III және IV классты гидротехникалық құрылыс үшін жыл сайынғы судың есептік максималды шығынынан есептік арту ықтималдылығын келесіге тең етіп қабылдау керек:

- 10 жылға дейін пайдалану мерзімі кезінде - 10%;
- пайдалану мерзімі кезінде - 5%.

4.4.8 Кешендік гидроораптың құрамына кірмейтін шағын ГЭС үшін есептік максималдық шығындарды негізгі есептік жағдай бойынша 8.12-тар. сай анықтау керек. Судың есептік шығынын шағын ГЭС төмен ағысты бөгеттері (12 м дейінгі) арқылы өткізу үшін 8.12.3-тармақшасында көрсетілген құрылғылардан басқа, шағын ГЭС негізгі имараттарын жаюға кедергі келтіретін бекітпелермен жабдықталған, өзен алқабының телімдерін пайдалануға жол беріледі. Су тасқыны кезінде тиісті негіздеменің негізінде шағын ГЭС электр энергиясын өндеуді тоқтатуға жол беріледі.

4.4.9 Кеме жүретін арналар мен кеме өткізетін имараттар үшін судың есептік деңгейін осы ережелер жинағының Г қосымшасына сәйкес орнату керек.

4.5 Өзен ағынын реттеу

4.5.1 Қазақстан Республикасы бойынша негізгі параметрлері гидротехникалық имараттарды жобалау кезінде анықталатын, жыл бойы әркелкі өту уақытындағы су ресурстарын бөлу.

4.5.2 Көптеген өзеннің ағыны тасқын немес селдің қысқы мерзімі ішінде шамамен жылдық жиынтық көлемнен 50 ден 90 пайызға дейін құрайды. Кейбір өзендер құрғақ

кезеңдерде толығымен құрғайды, басқалары қыста қатады. Маусымдық теңсіздікпен қатар, ағын жылдар бойы да тегіс келмейді, кезеңдер мен көп және аз су ағынының кезектесуінде белгілі бір циклдық айналым байқалады.

4.5.3 Өзен ағынының табиғи режимі көптеген жағдайларда суды пайдалану режиміне көбіне сәйкес келмейді. Халық шаруашылығының түрлі саланың суға қоятын талаптары табиғи ағын режимімен және өзара жиі сәйкес келе бермейді.

4.5.4 Халықты, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын сумен үздіксіз және сенімді қамтамасыз ету мақсатында су ресурстарын анағұрлым толық және оңтайлы қолдану үшін ағынның табиғи режиміне әсер ету керек, яғни басқаша айтқанда оны реттеу керек.

4.5.5 Ағынды реттеу арнайы жасанды су қоймалары арқылы жүзеге асырылады және су ресурстарын қорғау мен кешенді пайдалану, су тасқындарымен күресу, ағашты балқыту мен кеме жүрісінің шарттарын жақсарту, су энергиясын пайдалану, балық шаруашылығы, суару мен су басу, сумен жабдықтаудың су шаруашылық көптеген тапсырмаларын шешу кезінде біршама маңызы зор шара болып табылады.

4.5.6 Суды тұтыну құрамы, сипаты мен мақсатына қарай ағынды реттеудің әр түрін қолданады, оларды ағынды реттеу дәрежесі, ұзақтығы мен тағайындалуы сияқты үш негізгі белгілеру бойынша жіктейді.

4.5.7 Су қоймасының тағайындалуына қарай қосалқы, ұстаушы (тасқынға қарсы) және кешенді деп бөледі.

4.5.8 Қосалқы су қоймаларының негізгі мақсаты суы көп мезгілде немесе жылдары тұтынуға ағынның артық шамасын уақытша ұстау жолымен жасалған су қорларының шығарылу есебінен суы аз кездерде су шығынын арттыруда болып табылады.

4.5.9 Ұстайтын (тасқынға қарсы) су қоймалары сел ағындары мен су тасқынымен күресу үшін негізінен арналады.

4.5.10 Ағын бөлігін суы көп кездерде уақытша ұстау жолымен (тасқын немесе сел) су қоймасының төменгі бьефіне түсетін судың максималды шығыны азаяды және су тасқыны қаупінің алдын алу жүзеге асырылады.

4.5.11 Тәуліктік реттеу тұтынушылар талаптарына сәйкес Q өзенінің тегіс ағыны кезінде тәулік ішінде тарату болып табылады. Су су қоймасына аз тұтыну сағаттарында жиналады да одан жоғары сағаттарында шығындалады. Реттеу циклы (толтыру мен шығару) – тәулік болып есептеледі. Анағұрлым кең тәуліктік реттеу гидроэнергетика мен сумен жабдықтау кеңістігінде кең қолданылады Оның үстіне, оны суаруға қолданады.

4.5.12 Апталық реттеу тең емес тұтынылуына сәйкес тең ағынын апта ішінде қайта тарату болып табылады. Бұл жұмысқа беруді арттыру үшін артық ағынды пайдалану мүміндігін біршама арттырды. Апталық реттеу кезіндегі толық цикл (толтыру мен шығару) аптаға тең келеді. Ол негізінен гидроэнергетика мен өнеркәсіптік сумен жабдықтауда қолданылады.

4.5.13 Қысқы мерзімді жүйелі емес ағынды реттеу бұл реттеу кезінде су қоймасынан су суды пайдаланушылардың талаптарына сәйкес су ағынының төменде жатқан учаскесінде судың деңгейі немесе шығындарды ұстау үшін қысқы мерзімдік жүйелі емес су жіберу түрінде беріледі. Судың қажетті ауқымы су қоймасына тәуліктің қатары ағымында жиналады, ал шоғырландырылған ағынды бірнеше сағаттың жалғасы ретінде жүзеге асырады. Реттеудің бұл түрін балық шаруашылық, ауыл шаруашылық, санитарлы

және басқа жағдайларда, кеме жүрісі мен орман шаруашылығы кезінде қажетті тереңдікті жасау үшін басым түрде пайдаланады.

4.5.14 Ағынды маусымдық реттеу (жылдық) жыл немесе маусым ағымында ағынды қайта тарату мүмкіндігін береді. Су тасқыны немесе сел кезінде су қоймаларын толтырады, саба кезінде қайта жұмыс істейді. Ағынды реттеудің толық және толық емес маусымдық деп бөледі. Толық реттеу кезінде белгіленген қамтамасыз етушілікпен жыл ішінде суды беру сол қамсыздандырумен жылдық ағынның көлеміне тең келу керек. Су көп болған жылдары су қоймасының төменгі бьефіне лақтырылады, суы аз жылдары ағын есептіден аз болғанда, беріліс тапшылығы пайда болады. Толық емес реттеу кезінде суды тұтыну жылдық ағыннан азырақ болады, және ағынның жартысы толтырылғаннан кейін су қоймасынан лақтырылуға кетеді.

4.5.15 Ағынды көпжылдық реттеу ұзақ мерзімді көпжылдық кезең ағымында ағынды қайта тарату болып табылады; Ағынды көпжылдық реттеу – су ресурстарын кешенді пайдаланудың міндеттеріне жауап беретін реттеудің толық және жетілген түрі. Сонымен бірге реттеу түрі ретінде басқаларға қарағанда өлшемі бойынша елеулі түрде үлкен су қоймалары қажет болады .

4.5.16 Ағынды пайдалану дәрежесіне қарай толық және толық емес реттеу деп екіге бөледі. Толық реттеу кезінде барлық ағын қолданылады, және су қоймасы лақтырусыз жұмыс істейді, толық емес кезде – ағынның жартысы қолданылмайды лақтырылуыға жатады.

4.5.17 Ағынды каскадты реттеу бір өзенде саты түрінде жүйелі су қоймалары орналасқан жағдайлары орын алса.

4.5.18 Компенсациялайтын реттеу жоғарыда орналасқан суды жинау, су қоймасынан су жіберу жолымен тапшылықты жабуды қамтамасыз етеді.

4.6 Гидротехникалық имараттардың қайта жаңғыртылуын жобалау

4.6.1 Гидротехникалық имараттарды қайта жаңғыртудың негізгі талаптары ҚР ҚН 3.04-01 құрылыс нормаларында келтірілген.

4.6.2 Гидротехникалық имараттардың қайта жаңғыртылуын жобалау кезіндегі негізгі бастапқы деректер қалыпты пайдалану жағдайындағы имараттардың қолданыыыыстағы элементтерін зерттеу негізінде жүргізілген арнайы зерттеулер мен есептеу материалдары болып табылады.

4.6.3 Негізгі имараттардың қайта жаңғыртылуы қолданыстағы имараттардың максималдық пайдаланылуын ескере отырып, негізгі пайдалану функцияларының орындалуын тоқтатпай жүргізіледі.

4.6.4 Қайта жаңғыртылатын имараттар мен олардың элементтерінің техникалық жағдайы құрылыс материалдарының және қайта жаңғырту жобалары үшін қабылданған негізгі топырағының нақты сипаттамалары негізінде бағаланады.

4.7 Сейсмикалық аудандардағы гидротехникалық имарттарды жобалау

Сейсмикалық аудандардағы гидротехникалық имарттарды жобалау кезінде ҚР ҚНжЕ 2.03-30 талаптарын орындау қажет.

5 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

5.1 Гидротехникалық имарттарды жобалау, салу және пайдалану кезіндегі қоршаған ортаны қорғаудың негізгі талаптары ҚР ҚН 3.04-01 құрылыс нормаарында келтірілген.

5.2 Сейсмикалық аудандардағы гидротехникалық имарттарды жобалаукезінде «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар» бөлімі Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасының тааптарына және инженерлік қызметте табиғи ортаны қорғау талаптарын белгілейтін нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленеді.

5.3 Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларгидротехникалық имараттардың құрылуына байланысты қоршаған ортаны өзгертудің кешендік болжамын жүргізу негізінде қарастырылады және жобада экологиялық өзара ықпалдастықтың және табиғи кешеннің оңтайландырылуын қамтамасыз ететін және осы ықпалдастықтың рұқсат етілмеген салдарларының алдын алатын техникалық шешімдер қарастырылады. Бұл ретте имараттардың құрылыс жағдайлары, сондай-ақ оны пайдалану жағдайлары қарастырылады.

5.4 Жобалау кезіндегі табиғатты қорғау мәселелерін шешу қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар негізінде әзірленетін табиғи ортаның бастапқы ахуалын зерттеуден, оны өзгерту болжамдарын жасаудан, антропогендік кедергінің рауалы деңгейін белгілеуден басталады.

Іс-шараларда ортаның әрбір элементінің жағдайын бақылауды ұйымдастыру, сондай-ақ имараттарды пайдалану үдерісіндегі экологиялық жағдайды сақтаудың және жақсартудың мүмкін қосымша іс-шараларын орындаубойыншашаралар қарастырылады.

А ҚОСЫМША

(ақпаратты)

Гидротехникалық имараттар мен мониторинг жүйесінің негізгі техникалық және бағдарламалық құралданың құрамы

А1 кесте - Гидротехникалық имараттар мен мониторинг жүйесінің негізгі техникалық және бағдарламалық құралданың құрамы

ГТҚ мониторингтің техникалық және бағдарламалық құралдары	Құрылыс класы		
	1	2	3
1 Мониторинг жүйесі	+	+	+
1.1 ГТҚ мониторинг ережелері (нұсқаулары)	+	+	+
1.2 Инструменталды қадағалау құралдары	+		+
1.3 Компьютерлік құралдар	+	+	+
2 Инструменталды қадағалау құралдары	+	+	+
2.1 Автоматтандырылған ақпараттық-өлшеу диагностикалық жүйелерімен сыйысымды аралық бақылау-өлшеу аппаратурасы	+	+	+
2.2 Өлшем процесіне адамның қатысуын қажет ететін өлшеу құрылғылары мен химиялық талдау құралдары, өлшемді су құйғыш, пьезометрлер, геодезиялық бақылау құралдары	+	+	+
2.3 Инспекциялық зерттеулер кезінде қолданылатын индикациялар мен өлшем құраддары, жылувизорлары, радиолакациялық, акустикалық, электрометриялық зондтау құралдары, ақаулықты тоқтатқыштар, өлшеудің тасымалданатын құралдары	+	+	*
3 ГТҚ күйі туралы ақпаратты автоматтандырылған жинауды қамтамасыз ететін автоматтандырылған ақпараттық-өлшеу құралдарының автономды терминалдары мен шығарынды модульдері	+	+	*
4 Компьютерлік бағдарламалық жабдықтамалар	+	+	*
4.1 Өлшем деректерін автоматтандырылған енгізудің бағдарламалық жабдықтамасы	+	*	*

А1 кесте - Гидротехникалық имараттар мен мониторинг жүйесінің негізгі техникалық және бағдарламалық құралданың құрамы *(жалғасы)*

Технические и программные средства мониторинга ГТҚ	Құрылыс класы		
	1	2	3
4.2 Өлшем деректерін бастапқы өңдеуінің бағдарламалық жабдықтамасы	+	+	*
4.3Берілген қадағалау таладудары мен өлшем нәтижелерін графикалық ресімдеу мен есептік материалдарды ресімдеудің бағдарламалық жабдықтамасы	+	+	*
5 Программное обеспечение базы данных (БД)	+	+	*
5.1 Гидроторап құрылысы туралы ақпарат (мәтіндік, графикалық, кестелік)	+	+	*
5.2 ГТҚ мониторинг жүйесі мен БӨА орнатылған, бақылау құрамы туралы нұсқаулық	+	+	*
5.3 Қадағалау деректері және оларды алғашқы өңдеу нәтижелері	+	+	*
5.4 Диагностика деректері мен құрылыс күйін болжау	+	+	*
5.5 Апат қаупін талдау нәтижелері (қауіпсіздік деңгейі)	+	+	*
6 ДБ ақпараты пайдаланушысының интерфейсі	+	+	*
6.1 ДБ ақпаратын енгізу, редакциялау, түзету	+	+	*
6.2 Өлшем нәтижелерін қарау	+	+	*
6.3 Көрсетілген ақпаратты ұсыну	+	+	*
6.4 Құрылыс күйін диагностикалау	+	+	*
6.5 Есептік материалды құру	+	+	*
7 Диагностикалаудың бағдарламалық құралдары	+	+	*
7.1 Қадағалау нәтижелердің регрессионды талдауы	+	*	*
7.2 Құрылыс жұмысының детерминистикалық үлгілері	+	*	+
7.3 Апаттың қаупін бағалау (қауіпсіздік деңгейі)	+	+	*

\+ Міндетті талап.
* Ұсынылған талап.

Б ҚОСЫМШАСЫ

(ақпаратты)

Гидротехникалық имараттарға әсер мен жүктемелер тізімі

Гидротехникалық құрылысты жобалау кезінде келесі әсер мен жүктемені ескеру қажет:

а) **тұрақты және уақытша** (ұзақ және қысқа мерзімді) жүктеме мен әсер;

1) құрылыс пен құрылымның өз салмағы;

2) тұрақты технологиялық жабдық салмағы (қақпақ, турбоагрегаттар, трансформаторлар және т.б.), орналасу жері пайдалану процесінде өзгермейді.

3) құрылыс пен негіздеме бетінде тікелей су қысымы; құрылыстың суды сіңіретін бөлігінің шегінде қысымға қарсы және құрылыс пен негіздеменің су қаныққан бөліктерінде өлшеу мен сүзудің ауқымдық күштерін қосатын сүзетін судың күштік әсері; сүзгіге қарсы немесе дренажды құрылғылардың қалыпты жұмысының бұзылуы мен негізгі есептік жағдайдың есептік ықтималдылығының тиісті макисмалды су шығыны, жоғары бьефтің қалыпты тіреу деңгейі кезінде және тексеру есептік жағдайының, жоғары бьефтің жеделдетілген деңгейі кезінде, су қаныққан топырақта аяқталмаған шоғырландырудың шамадан тыс бу қысымы;

4) температуралы әсер мен сыртқы жүктемемен тудырылатын құрылым мен негіздеменің деформациясы салдарынан пайда болған, топырақ қысымы, тау қысымы, топырақ салмағы мен оның бүйірлік қысымы ;

5) күл қож, шлам, құм және басқа материалдан қысым;

6) үйінділер қысымы;

7) құрылымның алдын ала кернеуінен жүктеме;

8) жоғары бьефтің қалыпты тіреу деңгейі кезінде және тексеру есептік жағдайының, жоғары бьефтің жеделдетілген деңгейі кезінде, су қаныққан топырақта аяқталмаған шоғырландырудың шамадан тыс бу қысымымен тудырылған жүктемелер

9) сыртқы ауаның орташа айлық температуралырының анағұрлым жоғары ауытқу амплитудасымен жыл үшін анықталатын құрылыс және пайдалану кезеңдерінің температуралық әсерлері

10) шамадан тыс жүктелетін және көлік құралдары мен қоймаланатын жүктерлен жүктемелер, сондай-ақ басқа пайдалану құрылысына байланысты жүктемелер;

